

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 наурыздағы N 223 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 жылғы 11 қаңтарда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2003 жылғы 11 қаңтарда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім) өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

830-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес өзге де тұлғаларға беріледі."

2-бап. Осы Заң 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті